апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

№ 03/595

18 января 2019 года

«НҰРЛЫ ЖОЛ»: СЛАГАЕМЫЕ ИНФРАСТРУКТУРНОГО РОСТА

Реализация госпрограммы

Важное место в процессах дальнейшего развития страны занимает Государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлы жол», направленная на создание единого экономического рынка Казахстана. В ее рамках формируются макрорегионы с определением Алматы, Астаны, Актобе, Шымкента и Усть-Каменогорска в качестве городов-хабов, выступающих центрами активности, концентрации капитала и передовых технологий.

Их связь с другими областями страны осуществляется по лучевому принципу на основе развития транспортной, транзитно-логистической, индустриальной, жилищной, социальной и энергетической инфраструктуры.

Сегодня мы можем отметить 5 важных слагаемых успеха программы как драйвера роста национальной экономики.

Строительство и реконструкция дорог

В рамках программы предусматривается строительство и реконструкция более 7 тыс. км автодорог республиканского значения, а также ремонт порядка 10 тыс. км внутриобластных трасс. Планируется, что к 2020 году доля дорог первой и второй технических категорий составит не менее 50%.



2018-м в рамках 24 проектов автодорожной отрасли работы по строительству и реконструкции дорог республиканского значения общей протяженностью 4,6 тыс. км велись на 592 км дорог. В 2016–2017 годах кардинальной реконструкцией было охвачено 1,7 тыс. км дорог в 13 областях республики.

Строительные работы осуществлялись в рамках таких проектов, как Западная Европа – Западный Китай, Центр – Юг, Центр – Восток, Бейнеу – Актау, Алматы – Усть-Каменогорск, Астана – Петропавловск, Актобе – Атырау, Уральск – Каменка и мост через реку Тобол.

Как итог, в 2018-м открыто движение на 528 км автотрасс, в 2016 и 2017 годах – на 767 и 600 км автодорог соответственно. Кроме того, завершено строительство самого крупного мостового перехода в Центральной Азии – через Иртыш в Павлодаре – протяженностью 12 км. Также реконструирован мост через Тобол в Костанае.

Модернизация инфраструктуры ЖКХ

На сегодня большинство объектов жилищно-коммунального хозяйства имеет сверхнормативный срок эксплуатации. В целях проведения ускоренной модернизации ЖКХ в рамках госпрограммы «Нұрлы жол» предусмотрено бюджетное кредитование и субсидирование. Основными показателями при реализации мероприятий являются

снижение износа сетей тепло-, водоснабжения, водоотведения с 65% в 2015 году до 57% к 2020-му и улучшение качества услуг.

В рамках программы предусматривается построить и реконструировать порядка 3 478,6 км сетей тепло-, водоснабжения и водоотведения, 29 котельных и 95 единиц других объектов коммунального сектора.

В целом за период реализации госпрограммы с 2015 по 2018 год построены и реконструированы 2 982 км сетей тепло-, водоснабжения и водоотведения, 24 котельные, 71 единица других объектов. В результате принятых мер износ сетей снизился с 65 до 57%.

Автопаромный терминал на Каспии

В августе 2018 года в порту Курык был осуществлен запуск автомобильного паромного терминала, построенного в рамках второй фазы реализуемого проекта. Его мощность составляет более 2 млн тонн.

Сегодня к порту ведет новая подъездная автомагистраль, соединяющая с республиканской сетью автодорог. До конца 2019 года здесь планируется завершение работ по автоматизации производственных процессов и интеграции информационной системы объекта с АСУ «Номад».

За 11 месяцев 2018 года через морской порт Актау перевалено 4,5 млн тонн грузов, что на 25% выше показателя аналогичного периода 2017-го. В целом через 3 новых сухогрузных терминала к 1 декабря 2018-го перевалено 2,7 млн тонн грузов. Реализация проектов «Нұрлы жол» позволила увеличить пропускную способность морских портов Актау и Курык до 26 млн тонн.



К слову, Транскаспийский коридор, запущенный недавно с введением в строй железной дороги Баку – Тбилиси – Карс, способен перевозить до 5 млн тонн груза в год на первом этапе. В перспективе планируется 17 млн.

Обеспечение занятости

За годы реализации программы «Нұрлы жол» стало очевидным, что она оказывает не только существенное влияние на рост ВВП страны, но и способствует созданию новых рабочих мест.

Всего за годы реализации программы создано более 100 тыс. рабочих мест в сфере автодорожных проектов. Кроме того, в рамках работ по модернизации систем тепло-, водоснабжения и водоотведения за период с 2015 по 2018 год создано 7 640 временных и 472 постоянных рабочих места.

Придорожный сервис – один из ярких элементов новой дорожно-транспортной инфраструктуры. На сегодня по периметру автодорог республиканского значения расположено порядка 1 859 соответствующих объектов. Из них 260 находятся вдоль транзитно-транспортного коридора Западная Европа – Западный Китай.

В основном это автозаправки, пункты торговли и питания, где трудятся более 25 тыс. работников малого бизнеса. И эта цифра будет перманентно расти в связи с дальнейшим развитием инфраструктуры придорожного сервиса и увеличением грузопотока на этой важнейшей транспортной артерии, соединяющей Восток и Запад.

«Нұрлы жол» – драйвер роста экономики

Реализация программы третий год подряд оказывает положительный эффект на темпы роста национальной экономики, что выражается не только в стабильном притоке налоговых поступлений в бюджет, обеспечении занятости и росте местного содержания, но и в синергии, передаваемой другим секторам – строительной отрасли, сфере услуг, торговле и коммуникациям.

Так, только за первый квартал 2017 года объемы строительных работ увеличились на 7,1%, темпы ввода в эксплуатацию жилых домов возросли на 25,3%. Наибольший экономический эффект приходится на 2015 и 2016 годы – период общего спада мировой экономики. При этом уровень прироста к ВВП РК составил 1,3 и 2% соответственно. В 2017-м на фоне активизации базовых секторов экономики доля программы несколько снизилась – до 0,75%.

Благодаря деловой активности в рамках «Нұрлы жол» производство услуг за этот период увеличилось на 1,9%. Заметный рост отмечается в сфере торговли (2,4%), информации и связи (2%). Новые сети дорог, в свою очередь, способствуют росту объема грузовых и пассажирских перевозок, который в 2018 году составил 4,6%.

Наблюдается положительная динамика объемов контейнерных перевозок транзитом через Казахстан (в 2015 году – 212 тыс. ДФЭ, в 2016-м – 245 тыс. ДФЭ, или 15%, в 2017-м – 347,5 тыс. ДФЭ, или 41%). За 10 месяцев 2018-го объем контейнерных перевозок через Казахстан составил 411,5 тыс. единиц в ДФЭ, что на 49% больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

Источник: https://www.kazpravda.kz

LATYN ÁLIPBIINE KÓSHÝ - ULY ÓZGERISTIŃ BASY

Болашаққа нақты қадаммен

Қазақша оқы, латынша жаз!

Латын әліпбиі қазіргі заманда әлем жұртшылығы арасында кең тараған әліпби. Қазіргі түркі мемлекеттерінің ішінде Түркия (1928 ж.), Әзірбайжан (1991 ж.), Өзбекстан мен Түркменстан (1993 ж.) латын алфавитін қолданады. Бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтың көпшілігімен еркін қарым-қатынас жасап, әлемдік ақпараттық кеңістікке кең жол ашуымызға мүмкіндік беретін графика ретінде танылып, бүгінде латын әліпбиіне көшу мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі экономикасы дамыған отыз елдің қатарынан орын алу ісіне, мемлекеттік тілдің ұлттық бет-бедерін сақтап қалуға, түбі бір туыс түркі халықтарымен рухани-мәдени жақындасуына, электронды ақпарат құралдарын жылдам игеруге оң ықпал етеді.

Әліпби ауыстыру, жазу реформасы қоғамның әрбір мүшесіне тікелей қатысты болғандықтан, оған ешкім немқұрайлы қарай алмасы белгілі. Әркімнің үн қосып, пікір білдіргені дұрыс. Балаларымыздың болашағы үшін осындай маңызды қадамға бару ең дұрыс қабылданған шешім деп қарауымыз керек.

Өз ерекшеліктеріміз-ді сақтай отырып әліпбиді өзгерту тіліміздің халықаралық аренаға шығуына және ғылыми-техникалық прогрестің заманауи жетістіктеріне жол ашады, әлемдік мәдени тұтастықты нығайтып, коммуникациялық үдерістерге одан әрі интеграциялануға мүмкіндік туғызады. Ақпарат алу мүмкіндіктері кеңейіп, шет тілдерден енген сөздер ұлттық ерекшеліктерімізге қарай икемделетінін, көп ұлтты халқымыздың бірлігін одан әрі бекемдеп, бүкіл түркі әлемін біріктіруге күш салатынын да атап айту керек. Ең басты ұтарымыз болашақ ұрпақ ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне жақсы жағдай туғызбақ.

Елбасының бастамасымен қолға алынған бұл шаралар — келешек ұрпақ үшін жасалып жатқан дүниелер. Жалпы латын әліпбіне көшу – ұлы өзгерістің басы деп санауымыз керек.

Т.Тукенова
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ латын әліпбиі бойынша әдіскер

ҰЛТ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Рухани жаңғыру

Тәуелсіздіктің арқасында бүгінде қазақ халқы өзінің терең тарихын, рухани құндылықтары мен мұраларын қалпына келтіруде. Себебі отарлық езгі заманында қазақты тұқырту, қорлап, бағындыру мақсатында ел тарихының шындығы бұрмаланды, көп тақырыптар мүлдем жабық болды. Еуроцентристік ойлау жүйесі қазаққа барша білім, мәдениет пен өнер белгілері орыстар мен Батыс халықтарынан келді деген қағиданы мойындатуға тырысты. Алайда, тарихи шындық мүлдем басқаша болатын. Елбасы өз мақаласында осы олқылықтың орнын толтыруды тарихшылар қауымына тапсырды. Халықты тарихи шындықпен тәрбиелеу, ұлт тарихын мифтендірмей, ақты - ақ, қараны - қара деп бағалау арқылы ғана халықтың тарихи коды жаңғырады, мәдени-саяси санасы қалыптасады. Қазақ халқының ұлттық топтасуының, бірегейленуінің нығаю процесі де оның тарихи санасының жаңғыруына тәуелді. Халықтың руханилығының күшеюі түптің түбінде мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің нығаюына, халықтың әлеуметтік белсенділігінің артуына және экономикалық реформалардың баянды жүруіне оң ықпалын тигізетіні даусыз. Сондықтан Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақаласында көтерген мәселеленің, айтылған идеялардың бүкіл Қазақстан қоғамы үшін маңызы зор. Мақалада көрсетілген міндеттерді шешу ел тарихшыларынан, әдебиетшілерінен, өнертанушылары мен киногерлерінен жаңа ізденістерді, маңдайтерді талап етеді. Олар Ұлы даланың орны мен рөлі туралы тарихи шындықты әлемдік тарихта, мәдени-ақпараттық кеңістікте қалпына келтіруге міндетті. Ұлы даланың халқы туралы тарихи шындықтың қалыптасуы әлемдік тарихи ойдың дамуына өзгерістер мен жаңалықтар әкелетіні ақиқат. Бүгінгі қазақ халқының бабалары ықылым замандардан бермен қарай осы ұланбайтақ жерді мекен етті. Қаншама жаулап алушы мемлекеттер биліктерін жүргізбек болды. Олармен азаттық жолындағы күрестер бір сәт те толастаған жоқ. Протоқазақтардың мемлекеттілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасты. Алғашында көне тайпалық одақтар сақ, скиф, массагет, ғұн, сармат, үйсін, қаңлы тайпалық одақтары негізінде Кангю (Қаңлы) мемлекеттік бірлестігі пайда болды. Бұл мемлекет жартылай отырықшы ел еді. Осымен қатар Құшан патшалығы, Ғұн империясы сияқты қуатты мемлекеттер құрылды. Б.з.д. V-III ғасырларда және б.з. V-III ғасырларында қазақ халқының негізін қалаған тайпалық одақтар өз мемлекеттерін құрып ешкімге дес бермеді. Ал VI ғасырда олар қуатты Түрік қағанаты құрамына еніп жарты әлемді бағындырды. Орта ғасырларда қазіргі Қазақстан жерінде көптеген мемлекеттер болып, XIII ғасырда қазақ жері Ұлы Моңғол империясының құрамына енді. XV-XVIII ғасырлар арасында жеке Қазақ хандығы өмір сүрді. Бүгінгі қазақ ұлтының этногенетикалық тегінің, тілінің, салт-дәстүрлерінің, діні мен төл мәдениетінің қалыптасу үдерісі іске асты. Қазіргі бар қазақ ұлтының негізгі құндылықтары мен ұстанымдары Қазақ хандығы деп аталған мемлекеттің болуының нәтижесі екендігі бұлтартпас шындық. Демек қазақ халқының табиғи даму процесі сан ғасырлар бойы үзілмей, өзге ұлттармен қатарласа дамып отырды. Оның түрлі мемлекеттік құрылымдары болды. Болған мемлекеттер көрші елдермен тең дәрежеде қарым-қатынастар орнатты. Әлем халықтарына өзінің материалдық және мәдени үлгілерімен ықпалын тигізді. Өкінішке қарай, осындай эволюциялық үдеріс Ресейдің отарлық езгісіне түсумен тоқтап қалды. Қазақ халқы әлемдік өркениеттер дамуының соңында қалып қойды. Отарлық қанау қазақты демографиялық, рухани, мәдени дағдарысқа түсірді, жерінен және дәстүрлі өмір сүру мәдениетінен айырды. Қазақ тарихы империя тарихының көлеңкесінде қалды. Қазақ ұлты екінші сортты, барлық жақсылықтарды отарлаушылардан үйренген жабайы халық болған деген пікір қоғамдық санада басымдыққа ие болды. Қазақ халқының өз тарихын, рухани құндылықтарын зерттеуде және ұлықтауда кенжелеп қалды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылы сәуір айында жарық көрген мақаласынан басталған Қазақстан қоғамын рухани жаңғырту үдерісі сананы, тарихты, мәдениетті, білім мен өнер салаларын отарсыздандыру процесіне жол ашты деп айтуымызға болады. Қазақ тарихын отарсыздандыру ісін Елбасының «Егемен Қазақстанда» жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақаласы тереңдете түседі. Мақалада қазақ халқы өзі жүріп өткен тарихи жолда әлемдік өркениетке қомақты үлес қосып келгендігі нақты мысалдармен дәлелденеді. Біздің бабаларымыздың әлем халықтарына ұсынған үлкен жетістіктерінің бірі жылқыны қолға үйрету, оның ер-тұрманын жасау болғандығын бүгінгі этнология ғылымы дәлелдеп отыр. Бұл құбылыс шамамен 6,5 мың жыл бұрын іске асырылған. Атта отыру мәдениеті жетіліп, бабаларымыз үзеңгіні пайдаланған. Осы жаңалық оларға атқа мініп алыс сапарларға шығуға, жылқыны соғыстарда жылдам қозғалыс құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік берген. Жаугершілік замандарда соғыс өнерін жетілдіруде протоқазақтар қайқы қылышты да жасап пайдаланған. Өмілдірік пен құйысқанның жасалуы жылқы мінген адамды нағыз мығым, қылышты, садақты, найзаны, шоқпарды еркін ұстап, соғыса алатын жеңімпаз жауынгерге айналдырды. Басқа халықтар біздің бабалардың осындай жаңалықтарын түрлі өзгерістер енгізіп, жетілдіріп сан ғасыр пайдаланды. Президент Ұлы даланың бір қырының ғана әлемдік өркениетке берген үлесінің қаншалықты пайдалы және маңызды болғандығын айтып отыр. Ұлы дала жай дала емес, оны мекен еткен қазақ халқы жай халық емес, ол ешкімнен артық та, кем де емес деген қағидаттық ойды Елбасы жан-жақты негіздейді. Тіптен қазіргі металлургияның басталуы ежелгі түркі халықтарының жаңашылдығына байланысты екен. Осының барлығы сөзбен емес, қолымызға ұстаған археологиялық артефактілер арқылы дәлелденіп отыр. Ұлы даламыздың үшінші қыры «аң стилі». Көне түркілер табиғат, қоршаған орта әлемімен тамаша үндестікте өмір сүре білген. Олардың жоғары деңгейдегі экологиялық мәдениеті қалыптасқан. Әлемдік экологиялық сананың отаны түркі халықтары деп айтсақ та мақтанып кетпейміз. Төртінші қырымыз – «Алтын адам». 1969 жылы Есік қорғанынан алтындалған киім киген жас патшаның табылуы әлем ғалымдарына сенсация болды. Содан бері Шығыс Қазақстандағы Шіліктіден, Тарбағатайдан, Орталық Қазақстандағы Қарқаралыдан, Батыстағы Атыраудан осындай таңғажайып алтындалған киімдермен патшалар қорымдары ашылды. Демек ғасырлар бойында, мыңжылдықтардың алмасуы кезеңінде қазіргі Қазақстан жерінде басқа көне халықтардың даму деңгейі жетпеген мемлекеттер болғаны шындық. «Алтын адаммен» бірге қойылған заттардың, құрбандық ретінде жерленген жылқылардың ер-тұрмандарының безендірілуі, табыттарда салынған суреттер мен бейнелердің терең мағыналылығы бүгінгі зерттеушілерді таңдандыруда. Осы археологиялық жаңалықтар өркениет тек Батыстан басталады деген тезистің жаңсақтығын нақты дәлелдейді. Дұрысы, өркениеттердің



ықпалдасуы тезисі болса керек. Біз Батысқа көп нәрсе бердік, үйреттік, соңғы ғасырларда Батыстан көп нәрсені алып, үйреніп жатырмыз. «Түркі – әлемнің бесігі» деп Елбасы Ұлы даланың алтыншы қыры туралы осы ойды айтып отыр. Қазақ жерінің геосаяси, геоэкономикалық орнын Президент Ұлы далаға «Жібек жолының» ықпал етуімен сипаттайды. Өркениеттер мен ірі мемлекеттердің мүдделерінің қиылысында түру түркі халықтарына, одан кейінгі қазақ халқына аса зор жауапкершілікпен қатар, түрлі қайшылықтар мен қиыншылықтар әкелді. Бүгін өткен тарихтан сабақ алып ел дамуындағы осы ерекшеліктердің барлығын пайдамызға асыруымыз керек. Ұлы даланың жетінші қырын «Қазақстан алма мен қызғалдақтың отаны» деп көрсетіпті Елбасы. Қазақ елінің табиғат әлеуеті үлкен. Бүгінгі ұрпақ соны іске жарата алса әлемдік нарыққа ұсынарымыз көбейеді, ел халқының өмір сүрген ортасы неғұрлым қолайлы бола түседі. Елбасы Ұлы даланың жеті қырын жарқыратудың нақты жолдарын көрсетіп, ғалымдар қауымына тапсырмалар береді. Бұл жұмыстар ел халқының тарихи санасын жаңғыртуға, қоғамның рухани жаңғыруының тереңдеуіне, тәрбиенің, білімнің, мәдениеттің жақсаруына игі ықпал ететіндігіне сенім зор.

Сайын БОРБАСОВ,
саяси ғылымдар докторы, профессор.
Алматы қ.
дереккөз: https://egemen.kz

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

...Өз тіліңді құрметте!

Тіл - мемлекеттің тірегі, халықымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі екені белгілі. Ана тілінің қадірқасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығы деп бағалайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, тұтастай кескін-келбеті, мызғымас тірегі, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздік тірегі. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізіліп келуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында мен еңбек ететін мектепте көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп кейде қатты қынжылысың. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүрген-

дігімізден болар. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата – анамыз орыс тілін ұлықтады. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жетті. Дегенмен «сабақты ине сәтімен» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.

Ақын Мұхтар Шахановтың мына өлең жолдарын сөз арасында айта кеткім келеді:

«Қай кезде де туған тілің туған анаң секілді.
Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,
Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде ».

Шындығында да, ата – бабамыз елін, жерін, тілін, дінін жаудан үнемі қорғап өтті емес пе? Осыған бас ауыртатын ұлт жанашырларының саны қазіргі кезде некен саяқ. Себебі, көшеде бір қателіктер көріп жатсақ, үйреншікті нәрседей, қамсыз жүре бергеніміз болмас.

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін. Алайда осыны ескермей орыс тілінде шұлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама. Кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем ұйқассыз аударылып, есіктерінде ілініп тұрады. Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі осы болар, бәлкім.

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр Мырзалиев ағамыз Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді.

«Өзге елде сұлтан болғанша өз еліңнің ұлтаны бол» дейді атам қазақ. Өзгенің емес, өз елімнің қолдаушысы, қорғаушысы болғанға не жетсін. Ендеше өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асқақтатар ұлымен қызы болайық!

Нурсейтова Л.Ш.,
№1 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
оқытушысы

Сот жүйесін цифрландыру

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІ

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотын электрондық жазбаны мейлінше кеңінен қолданып келе жатқан мемлекеттік мекемелердің ішіндегі ең үздіктерінің бірі десек, еш артық айтқандық болмас, өйткені бүгінгі күні қарапайым бұқара халық бұрынғыдай сот мекемелерінің табалдырығын тоздырмай, кез келген өзіне қалаулы уақытта электронды интернет жүйесі арқылы өз істерінің қай сатыға келгенін, оларды қарау тәртібімен және сотқа келмей-ақ өз арыз-шағымдарын тіркеуге мүмкіндіктері бар.

Сот төрелігін іске асыру процесін одан әрі цифрландыру бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың жетінші басым бағытын іске асыру мақсатында Қарағанды облыстық сотының бастамасымен өңірде «Виртуалдық сот» жобасы іске қосылды.

"Виртуалдық соттар" бүгінде халық үшін қолжетімді және тиімділігін көрсетуде. Оларды пайдалану азаматтарға басқа облыстарда, тіпті шет елдерде орналасқан соттарға сапарлары үшін қажетті қомақты қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Ол үшін смартфоныңызға немесе планшетіңізге арнайы бағдарламаны көшіріп алсаңыз болғаны. Үйден шықпастан сот

процессіне қатысу мүмкіндігі беріледі.

Даулет Сатыбалдин,
Приозерск қалалық сотының
кеңсе меңгерушісінің м.а.

САНАЛЫ АЗАМАТ БОЛҒАН ШӘКІРТ

Мектеп мақтанышы

«Шәкірттерін азамат қып саналы,
Ұстаз-ана дана бола алады.
Ең бастысы, ұстаз мынау өмірде,
Ұлағат боп, ұлылық боп қалады»

- деп ақын жырлағандай, адамның жеке тұлға болып қалыптасуында білім ордасы мектептің және ұстаздардың алатын орыны ерекше. Ұстаздың еңбегін ешқандай өлшеммен бағалау мүмкін емес. Білімнің іргетасы мектеп қабырғасында қаланатыны сөзсіз, сондықтан бастауыш сынып мұғалімі оқушыға ақ парақтай кіршіксіз қалай тәлім, тәрбие және білім берсе, оқушы орта буын, жоғары буынға барған кезде білімді нақты игере алады және мектеп қабырғасынан саналы азамат болып қалыптасып шығады.

Осы орайда мен де өзімнің ұлым Нұржігіт білім алған № 2 ЖОББМ-ің ұстаздары мен басшылық етіп отырған мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбековаға алғысымды білдіруді жөн көрдім. Балам Нұржігіт 2015 жылы мектепке бірінші сыныпқа барған еді. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, Амирова Нұргүл апайының әр айтқан сөзін, берген тапсырмасын бұлжытпай орындауға бейімделді, яғни ол кісінің айтқан сөзі Нұржігіт үшін заң болатын. Бастауыш сыныпты Тәңірберген Зауреш апайынан жақсы тәмәмдады. 5-ші сыныптан бастап жетекшілік еткен ұстаз Ахметчина Дидар Казкенкызы оқушысын мақтан тұтып басқа оқушыларға үлгі үлгі қылып отыратынын

айтады. Дидар апай бүгінгі таңда өзінің жылдар бойы шәкірт тәрбиелеген еңбегінің жемісін көріп отырған ұстаздардың бірі. Нұржігіт сегіз жыл бойы мектеп қабырғасында тек «Үздік» оқушы атанып келді.Қазіргі таңда балам Алматы обылысында «Арыстан» маманданды рылған лицейінде білім алып жатыр. Ол жақта да үлкен дәрежелерге жетіп, облыстық олимпиадада математика пәнінен жүлделі орын алды. Білім берген ұстаздарына, мектеп әкімшілігіне ұзақ ғұмыр, бала тәрбиесіндегі еңбектеріне қажымас қайрат тілеп, ұстаздық ету мәртебелік еңбектеріне толайым табыстар тілеймін! Қаламыздың іргелі білім ошағында тәрбиеленіп отырған әр оқушы үлкен жетістіктерге жетіп Сіздерді қуанта берсін дегім келеді.

Әсет Советұлы Сепбосын

Жақсыдан – шарапат!

ҮЛГІ ТҰТАР ТҰЛҒА

(МАРҚҰМ ӘБДІҚАЛИ ҚОЙТБАЕВ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК)

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасын», - деген қазақ атам жақсы адамдарды тани білген әрі құрмет тұтқан. Мектеп-интернатта оқыған 5 жылымды қосқанда, 8 жыл аудандық газетте қызмет еткен 8 жылымнен Тамдыда өткен 13 жыл өмірімді бүгінде өте сағынышпен, қимас сезіммен еске алып отырамын. Талай жақсы жандармен дос-жолдас болып, дастарқанда бас қостым. Өлең өлкесі мен журналистика саласындағы жемісті жылдарым болды осы қасиетті топырақта. Тамдының өнері мен мәдениетінің дамуына қалқадерімше үлес қосқанымды Тамды жұрты біледі деп ойлаймын және сол үшін өзімді бақытты сезінемін.

Менімен таныс-біліс болып, ақыл-кеңесіне жүгінген, ғибратты әңгімелерін тыңдаған, тамшыдай болса да көмек қолын созған немесе өзімнің көмегім тиген жандарды ұмытқан емеспін. Бәрі есімде, ондай тұлғалар өте көп. Бәрінің атын атап, түсін түстеп жазуға уақыт тапшы болатыны өкінішті, әрине. Бүгінгі жазбама сондай дара тұлғалардың бірі – Әбдіқали Қойтбаевты өзек етпекшімін. Әбекеңмен аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып тұрған кезде танысып, ақылшы аға, білікті басшы, қамқор қайраткер, қарапайым азамат ретінде таныдым. Жалпы Қойтбаевтардың арасынан біразымен таныстығым болып, араласқаным бар. Бұл адамдар жалпы тауелібайға танымал, сол кездің нағыз зиялы отбасылары болды десем, артық емес. Кенжеғали ағай қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берген ұстазым еді. Аттасым Нұрекеңмен рухани-мәдени-әдеби байланыста болып, ол кісіден сол кездегі аса қажет болған ән, дастан, күй жазылған күйтабақтар алып, тыңдайтынбыз. Өте ұқыпты, білімді жан болатын.

Әбекең әкеммен қатарлас болғандықтан, маған «балам» деп сөйлесетін. Бұл маған жағымды естілетін. Сол кездегі әділетті, жағымпазданбайтын, қамқор, парақорлыққа жаны қас, қолынан келгенше жұртқа көмектесіп тұратын, мәселені байыппен шешетін, оған қоса аса сыпайы, кіршіксіз таза адамдардың қатарында болған Әбекеңмен арада болған бір көрініс мынадай өрбіген еді: аудандық газеттің жауапты хатшысы болып қызметте жүргеніме 3 жыл толағанда редактордың орынбасары Аман Тобаев ағамыз жұмыстан босап, «Жаңашаруа» совхозына ферма меңгерушісі болып кететін болды. Ол кісі тұрған 3 бөлмелі үй редакцияның балансында болғандықтан, газет қызметкерлерінің біріне берілуі тиіс болатын. Заң бойынша кезек маған келген. Сондықтан редакторымыз Қайыпназар Шотбасов алдына шақырып, мәнжайды түсіндірді. «Аман ағаң көшкелі жатқанын білесің ғой, сол үйді алу үшін тездетіп Әбдіқали Қойтбаевқа барып, өтінішіңді жазып таста. Қаласаң Қыдекеңді (әкем Қыдырмұратты айтып отыр) шақыр, абыройлы адамның бірі ғой, сөзін сыйлар. Әйтпесе АПК-

нің екінші хатшысы Гиязов өзінің шопырына сол үйді әперуге әрекет жасап жатыр екен. Айрылып қалуың мүмкін», - деп маған ағынан жарылды Қақаң. Осы кезге дейін жеке басымның қамы үшін әкемнің абырой-атағын араға салмаған мен бұл араға да көкемді араластырғым келмеді. Тәуекел деп, өтініші мді жазып алдым да, Ә.Қойтбаевқа тарттым. Өтініште үйдің редакция балансында екенін көрсетіп, кәсіподақ ұйымы жиналысының шешімі мен қолдаухатын да (әрине, Қақаңның ұйымдастыруымен) бірге апардым. Әбекең әдеттегідей жылы қарсы алып, «Кел, балам, не шаруамен жүрсің?», деп алдындағы орындықты нұсқады. Шаруамның мәнісін айттым. Мұқият тыңдап алып, қағаздарыма қарап алды да: «Бұл мәселе күрделілеу болып тұр, балам. Екінші секретарь араласыпты. Дегенмен, сенікі заңға сай және газеттің басшы қызметіндесің. Атақты шопанның баласысың. Кезегің де жақын екен. Мұны Медетов жолдасқа өзім айтып түсіндірермін, сен қазір хатшыға барып, үйдің ордерін ал да, Тобаев көшкен бойда кіріп ала бер, қалғанының бір мәнісі болар», - деді. Дереу сол арада үйдің құжатын рәсімдетіп алдым.

Сол күні кешке Аман Тобаев ағам «айрылысу көже» жасап, ертеңіне түсте көшіпті. Түстен кейін сол үйге жақын тұратын Боранбай Байжановтың жұбайы Гүлпаршын шешем қоңырау шалып, мен алған үйге біреулердің кіріп жатқанын айтты. Бақылап отыруды шешеме айтқанбыз. Зарафшанда тұратын орыс ағам Анатолий Истоминнің «ГАЗ-69» көлігін мен пайдаланып жүргем, сонымен дереу жетіп бардым да, үйге енсем бір әйел теріс қарап бесіктегі баласын емізіп отыр екен. Еденге бір қабат алаша ғана төселген. Асүйде бір шкаф қана тұр. Жеңіл-желпі жүкпен келгені көрініп тұр. Олар да біздің әрекетімізден хабардар секілді. «Апай, үйдің ордері бар ма?», дедім. Үндемеді. Сосын бұл үйге ордер алғанымды, сондықтан заң жүзінде бұл үйдің менікі екендігін, тезірек үйді босатулары қажеттігін жаймен ғана түсіндіріп, шығып кеттім. Арадан бір сағат өтпей шешем тағы қоңырау шалып, әлгі адамдардың қайта көшіп кеткендігін айтты. Сол күні өз үйімізге біз де көшіп алдық. Келесі күні Әбекеңе кіріп, алғысымды білдірдім. «Балам, бұл сенің заңды үйің ғой, біраз түсінбеушілік пен қиындық болғаны рас, алайда мәмілеге келдік», - деді Әбекең сәл қынжылысты күйде. Гиязов тарапынан қысам болғанын сездім. Қанша дегенмен, екінші хатшы, күштінің дүмі диірмен тартады емес пе?!.

Арадан біраз уақыт өткесін әке-шешем келді артынып-тартынып. Көкеме болған жәйттің бәрін баяндап бердім. «Оййй... Әбекең нар жігіт қой, барып рахмет айтып шығайын» - деді. Барыпты, бір қой сыбағасы барын айтыпты. Алайда Әбекең құрдасына (әкеме) сөзбен жақсылап тұрып сыбағасын тартқызған сыңайлы. Ішек-сілесі қата күліп келді. Қой сыбағасы мәселесі шешілмегенге ұқсайды... Әбекеңнің сыбаға-сыйлықты да (қойды) алмағаны тәнті еті және өмірлік үлгі болды маған. Иә, бұл үйдің тағы бір мәселесі Гиязовтың басты ролдегі қатысуымен арадан бір жыл өткенде тағы қозғалды. Бірақ бұнда өзімнің тікелей қатысуымда, уытты әрі дәлелді сөзімнің арқасында үйді тағы алып қалдым. Бұл жердегі айтпағым, осы заманда мұндай марқасқа жандардың тым аз екендігін меңзеу және Тауелібай азаматтарының арасында Әбдіқали секілді адал да, ірі тұлғалардың бар екендігін һәм көптігін үлгі ету ғана...

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.
Суретте: Ә.Қойтбаев жұбайымен

ОГРАНИЧЕНИЕ СВОБОДЫ ЗАМЕНЕНО НА ЛИШЕНИЕ СВОБОДЫ

Из зала суда

Приозерском городском судом было рассмотрено представление службы пробации г.Приозерск о замене не отбытого срока наказания ограничение свободы на лишение свободы в отношении осужденного М, 26.12.1996 года рождения.

Из материалов представления установлено что, М. осужден приговором районного суда №2 Бостандыкского района г.Алматы, по ст.191 части 2 пункта 3 УК РК к 3 годам 6 месяцам ограничения свободы, с установлением пробационного контроля на тот же срок.

Осужденный М., будучи осведомлённый о порядке отбывания наказания, в ходе проверок неоднократно отсутствовал по месту проживания.

Кроме этого, неоднократно привлекался к административной ответственности по части 1 статьи 437 КоАП РК за нарушение тишины в ночное время (с 23 до 6 часов утра), по части 1 статьи 434 КоАП РК за мелкое хулиганство, по части 1 статьи 441 КоАП РК за нарушение запрета потребления табачных изделий в отдельных общественных местах, также не выходил на работу без уважительных причин, согласно справке характеристики с УИП МПС ОВД г.Приозерск, М. характеризуется с отрицательной стороны, как вспыльчивый, не уравновешанный, конфликтный, а когда злоупотребляет спиртными напитками, то становится агрессивным. Согласно характеристики по месту работы осужденный М. также характеризуется с отрицательной стороны, систематически опаздывает на рабочее место, не добросовестно относиться своим функциональным обязанностям, на сделанные замечания не реагирует и выводы для себя не делает.

В результате в его адрес выносились предупреждения, но осужденный не реагировал на них, в этой связи городская служба пробации просила суд заменить наказание осужденному с ограничения свободы на лишение свободы.

Согласно ч.3 ст.44 УК РК, в случае злостного уклонения от отбывания наказания лицом, осужденным к ограничению свободы, не отбытый срок ограничения свободы заменяется наказанием в виде лишения свободы на тот же срок.

Суд, исследовав материалы дела, удовлетворил представление службы пробации, заменив наказание в виде ограничения свободы, на лишение свободы на оставшийся не отбытый срок 2 года 10 месяцев 14 дней, применив статью 46 УК РК определил отбытие наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

Осужденный взят под стражу в зале суда немедленно. Постановление не вступило в законную силу.

Б. Адепбеков,
Председатель Приозерского городского суда

ПАМЯТКА
ПРИ КУПАНИИ В ВОДОЕМАХ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ВО ВРЕМЯ ПРАЗДНОВАНИЯ «КРЕЩЕНИЯ ГОСПОДНЯ»

Внимание населения города !

Крещение Господне – один из великих праздников Православной церкви.

В Карагандинской области он традиционно сопровождается купанием в проруби.

Обряд "водоосвящение", совершает священник – чтением соответствующих молитв и троекратным погружением креста в воду. На водоемах для этого заранее делается прорубь – ***«Иордань»*** – как правило, в форме креста, хотя многие делают проруби прямоугольной формы. Крещенская вода – это святыня, которую употребляют для исцеления и для укрепления душевных и телесных сил нас и наших близких и родных.

Ежегодно в городах и населенных пунктах Карагандинской области в преддверии Праздника Крещения специально вырубаются на водохранилищах, прудах и озерах проруби для массового купания верующих.

Как правило, купание представляет собой троекратное погружение в воду с головой. При этом верующий крестится и произносит «Во имя Отца, и Сына, и Святого Духа!».

Издревле считается, что купание на Крещение способствует исцелению от различных недугов. Вода – живая материя. Она имеет способность изменять свою структуру под воздействием на нее источника информации. Потому с какими мыслями к ней подойдешь, то и получишь. Чтобы окунуться в холодную воду, специальной подготовки не требуется. Человеческое тело приспособлено испытывать частое воздействие холода. Необходим только настрой.

Правила купания (омовения) в проруби:

1.Окунаться *(купаться)* следует в специально оборудованных прорубях у берега.

2.Перед купанием в проруби необходимо разогреть тело, сделав разминку, пробежку.

3.К проруби необходимо подходить в удобной, не скользкой и легкоснимаемой обуви, чтобы предотвратить потери чувствительности ног.

Лучше использовать ботинки или шерстяные носки для того, чтобы дойти до проруби. Возможно использование специальных резиновых тапочек, которые также защищают ноги от острых камней и соли, а также не дадут Вам скользить на льду. Идя к проруби, помните, что дорожка может быть скользкой. Идите медленно и внимательно.

4.Окунаться лучше всего по шею, не замочив голову, чтобы избежать рефлекторного сужения сосудов головного мозга. Никогда не ныряйте в прорубь вперед головой.

Прыжки в воду и погружение в воду с головой не рекомендуются, так как это увеличивает потерю температуры и может привести шоку от холода.

5.При входе в воду первый раз старайтесь быстро достигнуть нужной Вам глубины, но не плавайте. Помните, что холодная вода может вызвать совершенно нормальное безопасное учащенное дыхание, как только Ваше тело приспособилось к холоду.

6.Не находиться в проруби более 1 минуты во избежание общего переохлаждения организма.

7.После купания *(омовения)* разотрите себя махровым полотенцем и наденьте сухую одежду.

8.Для укрепления иммунитета и возможности переохлаждения необходимо выпить горячий чай, лучше всего из ягод, фруктов и овощей из предварительно подготовленного термоса.

Как правильно выбрать место для иордани?

Выбирается водоём, скорость течения в котором не превышает 0,25 м/с. Толщина льда в месте устройства проруби должна быть не менее 25 см. Место для проруби выбирается на удалении от причалов, впадения рек и сточных вод.

Дно под прорубью должно быть не засоренным посторонними предметами, способными вызвать травмы, ровным, лучше песчаным, без крутых уклонов, водорослей, коряг, крупных камней. Берег в районе проруби должен быть удобным для движения в обоих направлениях.

Выезд автомашин на лёд водоёма категорически запрещен.

Необходимо предусмотреть, чтобы места массового зимнего купания были хорошо освещены, при этом должны быть соблюдены все правила электробезопасности и пожарной безопасности.

Прорубь, по возможности, следует защитить от ветра, а недалеко от неё должно располагаться теплое помещение (раздевалка).

Нельзя допускать, чтобы на небольшом участке льда одновременно находилось более 20 человек.

Как правильно оборудовать прорубь?

Прежде всего, нужно очистить от снега площадку, размер которой должен в несколько раз пре-вышать величину купели, чтобы со всех сторон к воде были свободные подходы.

Оптимальный размер проруби – 12м². Такая прорубь достаточна для одновременного пребывания в ней до пяти человек без скучиванья и соприкосновений с ледовой кромкой. Минимальные размеры проруби составляют 3х3 м. Глубина в месте размещения купели не должна превышать 150 см.

Как правило, место проведения купания должно быть оборудовано всем необходимым: деревянными настилами для выхода на лед, а также поручнями и ступенями для входа в воду. Купель оборудуют на достаточном удалении от берега. Толщина льда должна составлять не менее 25 см.

Вырубку проруби необходимо проводить равномерно, углубляя бороздку по всему периметру. Если на каком-то участке лёд будет прорублен раньше, чем на других, то вода зальёт всю бороздку и затруднит дальнейшую работу. Поэтому нужно через каждые метр-полтора оставлять в бороздках перемычки, задерживающие воду. Ширина бороздки, вырубаемой по поверхности льда, должна составлять примерно половину толщины льда. По мере углубления бороздка сужается. Начинать вырубку льда с узкой бороздки невыгодно – это затруднит работу и приведёт к потере времени.

Лёд рубят на плиты с таким расчётом, чтобы хватило сил вытащить их на поверхность. Лёд толщиной свыше 20 см. иногда пилят продольными пилами. Прорубь можно огородить стеной, выложенной из снежных брикетов, и сделать в ней «раздевалку». Такая ограда будет не только красива, но и защитит от ветра.

На углу или посредине кромки проруби необходимо вырубить выемку размером 60х60 см. для лестницы. Для удобства схода в воду и выхода из воды количество ступеней должно быть не менее пяти. Деревянные или металлические лестницы закрепляют (вмораживают) у края проруби. Они обязательно должны быть оборудованы поручнями высотой 90 – 110 см.. Металлические поручни обматывают изоляционной лентой, либо надевают на них резиновый шланг.

Место для проведения обрядов должно быть ограждено. Любое ограждение проруби (из металлической проволоки и сетки, деревянное, снежное, ледяное) устанавливается на расстоянии 7-10 м. от её краев. Кроме этого рекомендуется сделать ограждение проруби по периметру, на льду и подо льдом, чтобы зрители случайно не упали в воду, а купающиеся не могли попасть под лед.

На ледовой поверхности устраивается деревянный решетчатый настил до края проруби. Настил должен быть прочным, не должен скользить по поверхности льда и исключать возможность соскальзывания и падения человека в воду. Подходы (дорожки, тропинки) к купели и настилы должны быть очищены от снега, наледи скалываться и посыпаться песком.

Неизвлеченные из проруби льдины с острыми краями могут стать причиной травм. Во время купания затопленные льдины нередко выплывают обратно в прорубь, купающийся может не заметить этого и наткнуться на них. Чтобы предотвратить подобную опасность, нужно тщательно очищать прорубь ото льда и вести наблюдение за нею во время купания.

Будьте дисциплинированными на воде!

Не подвергайте, свою и жизнь окружающих, опасности!

Разработано управлением по делам религии Карагандинской области совместно с Карагандинской и Шахтинской Епархией ПЦК и ДЧС Карагандинской области

ОСУЖДЕН ЗА УПРАВЛЕНИЕ АВТОМОБИЛЕМ В НЕТРЕЗВОМ ВИДЕ

Из зала суда

Наказание за вождение в нетрезвом виде достаточно суровое, однако, как показывают судебные сводки, это не останавливает некоторых жителей города Приозерска от необдуманного поступка.

В соответствии с требования ст.346 ч.1 Уголовного Кодекса Республики Казахстан введенного в действие 01 января 2015 года – за вождение автомобилем лицом, лишенным права управления транспортными средствами, находящимися в состоянии алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения, либо передача такому лицу управления транспортным средством, а равно допуск такого лица к управлению транспортным средством, совершенный должностным лицом или собственником либо владельцем транспортного средства предусмотрена уголовная ответственность.

Пьянство за рулем является распространенной проблемой. Такие «водители» не задумаются о жизни и здоровье других людей, когда садятся за руль автомобиля в пьяном состоянии. Пренебрежительное отношение, становится причиной страшных трагедий, ломающих судьбы, как самого водителя, так и жертв его халатности.

За 12 месяцев 2018 года в Приозерском городском суде рассмотрено 5 уголовных дел в отношении граждан по статье 346 ч.1 УК РК, то есть управление транспортным средством лицом, лишенным права управления транспортными средствами, находящимся в состоянии алкогольного опьянения.

На примере судом было рассмотрено уголовное дело в отношении осужденного Т. по статье 346 ч.1 УК РК.

Из материалов дело было установлено что, 05.11.2018 года осужденный, Т., являясь лицом, которое ранее было лишено права управления транспортным средством, в состоянии алкогольного опьянения управлял автомашиной марки «Тайота камри» в г.Приозерске в направлении по улице Достык в сторону улицы Пушкина, где подъезжая к перекрестку указанных улиц, совершил касательное столкновение с автомашиной марки «Тойота марк 2» под управлением гр.Ш, машина которого стояла на перекрестке на запрещающий красный цвет светофора. В ходе проверки установлено, что 20.06.2016 года Приозерским городским судом Т. был лишен права управления транспортным средством сроком на три года по части 1 статьи 608 КоАП РК. Из заключения медицинского освидетельствования за №448 от 05.11.2018 года в 20-25 часов Т. находился в состоянии алкогольного опьянения средней степени, с показанием промиле - 2,40.

Приговором суда Т. признан виновным по ст. 346 ч.1 Уголовного кодекса Республики Казахстан, за управление транспортным средством лицом, лишенным права управления транспортными средствами, находящимся в состоянии алкогольного опьянения. Ему назначено наказание в виде штрафа в размере 240500 (двести сорок тысяч пятьсот) тенге, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью сроком на 3 (три) года.

Приговор вступил в законную силу.

Таков закономерный итог грубого игнорирования требований Правил дорожного движения осужденным Т., который, надеемся, послужит предостережением для других участников дорожного движения от управления транспортным средством в нетрезвом состоянии.

Б. Адепбеков,
Председатель Приозерского городского суда

К СВЕДЕНИЮ ГРАЖДАН!

Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 30 ноября 2018 года № 867 «О внесении изменений и дополнений в приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 24 апреля 2015 года № 395 «Об утверждении стандартов государственных услуг в сферах оборота гражданского и служебного оружия и патронов к нему, гражданских пиротехнических веществ и изделий с их применением» (далее – Приказ МВД №867) форма оказания госуслуг в сфере оборота гражданского и служебного оружия, гражданских пиротехнических веществ и изделий *(список прилагается)* переведена с электронно/бумажного на электронный *(подача заявления и выдача разрешений будет осуществляться через портал «электронного правительства», не через Госкорпорацию (ЦОН)*.

Разрешения на приобретение, хранение, хранение и ношение гражданского и служебного оружия будут поступать в личный кабинет услугополучателя.

Поступившее разрешение используется услугодателем без «живой» подписи и печати с оттиском «Лицензионно-разрешительная система».

Разрешение на хранение и ношение действительно при предъявлении документа удостоверяющего личность.

ОВД города Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ * ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги
по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.
Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00час.
Выходной - Понедельник
Запись по телефону: мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Анталий), 8-747-970-25-81 (Карлыгаш).
На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.
Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.,
Заказ № 03/595. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.